

**БОЛАШАҚ ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГТАРДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК
МӘДЕНИЕТІН ДАМУДАҒЫ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗІ**

Темірболат Әлия

aliya.temirbolat88@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану мамандығының 2
курс докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - п.ғ.д., профессор Толеубекова Рымшаш Камешевна

Қазақстанның қазіргі заманғы білім беру жүйесінің басты мақсаты – болашақ мамандардың әлеуметтік парасаттылығын сақтау, адамгершілік мәдениетін дамытуға баса назар аударуды талап етеді [1].

Бұл мақсатты жүзеге асырудың құқықтық негіздерін Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білімді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасы жоғарғы педагогикалық білім беру тұжырымдамасы, Тәрбие тұжырымдамасы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 қаулысымен бекітілген «Өмір бойы оқу тұжырымдамасы» және басқа мемлекеттік нормативтік құжаттар құрайды [2].

Қоғам дамуының қазіргі кезеңінде кез келген қоғамдық іс-әрекет формасына қойылатын талаптар тікелей мәдениетпен байланысты. Оның жоғары деңгейі кез келген еңбектің тиімділігінің қажетті шарты болып табылады. Мұғалімнің рухани-адамгершілік мәдениеті белгілі дәрежеде оның кәсіби іс-әрекет жағдайындағы педагогикалық дайындығының деңгейімен, өзін-өзі жетілдіруге деген талпынысымен айқындалады. Күнделікті тәжірибе көрсеткендей, болашақ мамандар даярлайтын педагогикалық жоғары оқу орындары негізінен студенттерді кәсіби білімдермен, іскерліктермен ғана қаруландырумен шектеледі, ал болашақ мамандардың тұлғалық кәсіби маңызды қасиеттерін қалыптастыруға лайықты назар аударылмайды.

Сондай-ақ, тақырыптың өзектілігі орын алған қайшылықтарға, қоғамның әрбір болашақ мамандардың адамгершілік мәдениетінің дамуына объективті қажеттілігіне және оларды шешуге кері әсер ететін деструктивті, жансыз процестерге байланысты. Адамгершілік мәдениетті дамытудың қазіргі мәселелерінің қатарында жеке тұлғаның адамгершілік мәдениетін дамыту мәселесі, сондай-ақ мемлекет пен осы саладағы келеңсіз құбылыстарды жеңуде және олардың одан әрі таралуына жол бермеуде әлеуметтік институттардың ықпалына байланысты болмақ [3].

Болашақ мамандардың адамгершілік мәдениетін дамыту – теориялық және практикалық жағынан да өзекті әрі алға жылжушы бағыт болып табылады. Жоғары оқу орнында болашақ әлеуметтік педагогтардың адамгершілік мәдениетін дамытудың маңыздылығы зор.

Зерттеу барысында «мәдениет», «адамгершілік мәдениет», «мәдениетті дамыту», ұғымдарының анықтамаларына тоқталдық.

Мәдениет – адамның өз қолымен, ақыл-ойымен жасағандары және жасап жатқандарының бәрін түгел қамтиды. Жай ғана сауат ашудан және тазалық ережелерін сақтаудан бастап, өмірдің асқан үлгілі шығармаларын жасағанға дейінгі ұғымды қамтып жатқан – мәдениет саласының өрісі кең. Мәдениет – тарихи құбылыс. Оның дәрежесі мен сипаты қоғамдық өмірдің жағдайларына байланысты өзгеріп отырады. Тарихи дәуірлердің алмасуы мәдениеттің мазмұны мен формаларына сөзсіз терең өзгерістер енгізеді [3].

«Адамгершілік - қоғамдық өмірдің объективтік заңдылығына сәйкес, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге негіз болып табылатын талапқа сай белгілі бір имандылық шарттарын білдіретін ұғым»-деп атап көрсетілген [4].

Алаш қайраткері М.Шоқайұлы: “Мәдениет - адам әлемі. Мәдени көріністерде адамдық парасат, ақыл-ой, ізгілік пен әдемілік заттандырылып, игіліктер дүниесі құрылған. Сонымен бірге мәдениет адамды тұлға деңгейіне көтеретін негізгі құрал” деп тұжырым жасаған [5].

Тәрбие өмір бойы үздіксіз жүретін болса да, қазақ халқы жетелеген тұлғаның сипатын “Сегіз қырлы бір сырлы” деген бір ауыз сөзге сыйғызып, түйіндеген. Адам санасы үш түрлі құрамнан тұрады, ол ақыл-ой, сезім, ерік. Осыған орай оның санасында адам жаратылысының қай сипаты басым болса, оның өмірдегі ізденісі мен ұмтылысы да соны бейнелейді.

Ресей ғалымы Н.И.Пирогов: “Пайдалы азамат болуға дайындалған адам ең алдымен адамшылыққа үйренуі тиіс” деп жазады [6].

Адамгершілік мәдениетті дамыту – тәрбие жүйесінің нәтижесі және тәрбие жұмысы тиімділігінің негізгі критерийі болып табылады.

Қоғамды өзгертудің сан қырлы және көп қырлы міндеті оның даму мақсаттарын әлеуметтік-саяси және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан да, адамгершілік мәдениеті мен этикалық тұрғыдан да терең түсінуді табанды түрде талап етеді. Қоғамның жалпы рухани деңгейін мақсатты түрде арттыру - үйлесімді тұлғаны қалыптастырудың қажетті шарты, қазіргі өмірдің материалдық және рухани негіздерін одан әрі нығайтудың, құнсыздану көріністерінен көрінетін келеңсіз құбылыстарды еңсерудің шарты әлеуметтік және моральдық құндылықтар.

Бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздегі жаңа қоғам мүддесіне лайықты, жан-жақты жетілген, бойында ұлттық сана мен ұлттық психологиясы қалыптасқан ұрпақ тәрбиелеу отбасының, білім беру ошақтары мен барша халықтың міндеті. Өзіміздің өркениетті ел қатарына қосылу бағытындағы үлкен мәселелердің бірі келешек ұрпақтың рухани дамуы. Адамгершілік ұғымы ізгілік, гуманизмнің синонимі ретінде адамның игі мақсатына айналғанда пайда болатын қарым-қатынастар жүйесі мен қоғамдық ахуал ретінде неғұрлым кең мағынада қолданылады.

Ғылыми білімдер жүйесінде мәдениет феномені түрлі аспектілерде қарастырылады. Көптеген тұжырымдамалардың мазмұнынан мәдениеттің ортақ анықтамасын байқауға болады: ол адам іс-әрекетінің тәсілі және нәтижесі, себебі оның дамуының негізгі бастауы адамның жасампаз қоғамдық іс-әрекеті болып табылады; ол күрделі, алуан қызметті әлеуметтік құбылыс және қоғамдық өндіріске, қатынастарға, тұлғаның қалыптасуы мен дамуына маңызды ықпал етеді. Мәдениеттің болмысы тұлғаның әлеуметтену үдерісі кезіндегі меңгеретін қоғамдық құндылықтарына бағытталған ізгіліктік, жалпыадамзаттық болып табылады [7].

Бұлардың арасында ең түбегейлісі - мәдени әрекет. Әрекеттену - жалпы адам мен қоғамның өмір сүру тәсілі, тіршіліктің тірегі. Мәдени әрекет деп, әдетте, мәдениет игіліктерін өндіруге, таратуға, тұтынуға бағытталған мақсатқа сәйкес әлеуметтік іс-қимылдарды атайды. Мәдени игіліктерді толассыз жасау нәтижесінде адам өзінің де мәдени деңгейін көтереді. Осы әрекеттің қайнары, түпкі қозғаушы күші ретінде ғылым адамның талап-мұқтаждарын, мәдени қажеттіліктерді бөліп қарастырады. Осылардың қатарына біз мынандай адамдық қажеттіліктерді жатқызамыз: өмірдің мәні мен мағынасын іздеу, өмірден өз орнын табуға ұмтылу, шығармашылыққа талпыныс, альтруизм, гумандылық және тағы басқалары. Мәдени орта ұғымы мәдениеттің коммуникациялық (қатынастық) табиғатымен тығыз байланысты. Мәдени орта заттық-материалдық, әлеуметтік ұйымдар мен ұжымдардан, рухани қызмет орындарынан тұрады. Оларға техника мен құрал-жабдықтардың даму деңгейі, тұрмыстық мәдени дәрежесі, адамдардың білімділігі, кәсіптік шеберлігі, рухани мәдениетті сақтау және насихаттау ұйымдары (мұрағаттар, мұражайлар, кітапханалар, клубтар және тағы басқалар) жатады [8].

Осылайша, мәдениет адамдардың өзін және қоршаған әлемді меңгеруі бойынша белсенді шығармашылық іс-әрекеті болып табылады, оның нәтижесінде әлеуметтік нормалар мен құндылықтар өндіріледі, сақталады, таратылады және қолданылады. Мәдениет феноменін қарастырудың бұл бағыты мәдениеттің іс-әрекеттің болмысын негіздейді және

мәдениет субъектісі ретіндегі адам туралы көзқарастарды нақтылайды. Тиісінше, тұлғаның мәдениеті деп адамның физикалық, интеллектуалдық және рухани күштерінің жоғары дәрежеде дамуын және ол күштерді рухани және материалдық құндылықтарды жарыққа шығару бойынша шығармашылық іс-әрекетінің тәсілдерін түсінеміз.

Сондықтан тұлға мәдениеті оның білім деңгейінен, рухани күштерінің дамуын, оның белсенді ұстанымдарын, өзін және қоршаған әлемді қайта құру қабілетін қамтиды. Тұлға мәдениеті – адамға өз-өзімен, табиғатпен және қоғаммен үйлесімді өмір сүруге мүмкіндік беретін сипаттамалардың кешені (білімдер, қасиеттер, әдеттер, құндылық бағдарлары). Әлеуметтік орта мен объективті жағдайлар ғана тұлғаны қалыптастырмайды, сонымен бірге адам өзінің тіршілік ортасын, өмір сүру формасын өзгерту арқылы өзі де өзгереді және дамиды. Осылайша, тұлға мәдениетінің қалыптасуы мен дамуы – нақты кәсіби және әлеуметтік талаптарға негізделген, басқарылатын үдеріс. Мәдениет адамның материалдық және рухани салалардағы шығармашылық іс-әрекеті тәсілдерінің, сондай-ақ осы іс-әрекеттің нәтижелерінің жиынтығы болатын болса, онда тұлғаның рухани мәдениеті – бұл қоғам мәдениетінің бейнесі. Рухани мәдениет қоғам өмірінде негізгі, әлеуметтік-адамгершілік құндылық ретінде ізгілік қағидаларының жүзеге асырылуының көрсеткіші болып табылады [8].

«Адамгершілік мәдениетті» тәрбиелеу мен гуманизм үшін әдебиеттің маңызы зор. Бұлардың арасында Ы.Алтынсарин, М.Жұмабаев, А.Байтұрсынов, Қ.Шаңғытбаевтардың шығармалары біздің жастарымыздың жан-дүниесін әрқашан да терең тебіренетін туындылар кейіпкерлерімен суреттейді.

Белгілі психологтар Б.Г.Ананьев, В.В.Давыдов, Қ.Б.Жарықбаев, Ж.И.Намазбаева, М.М.Мұқанов, М.Б.Блонскийдің, С.Л.Рубенштейн, Д.Б.Эльконин, Л.В.Занковтың еңбектерінде арқау болып, зерттеулерінде оқушылардың білімдері мен рухани байлықтарына, мінез-құлықтарына, дүниетанымдарына қалыптастырып отыру қажеттілігі айқындалған [9].

Жалпы осы адамгершілік мәдениеті мәселесі төңірегінде педагогика классиктері: Я.А.Каменский, Ж.Ж.Руссо, К.Д.Ушинский, Л.Н.Толстой, Н.И.Ильминский, еңбектері ерекше орын алады. Қазақ зиялы қауымынан: А.Құнанбаев, Ш.Құдайбердиев, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов, Х.Досмұхамедовтер жалғастырған [9].

В.Соловьев: “Адамгершілік бір адамның екінші адамға сыйлай салатын заты емес, ол өзінің тәжірибесі арқылы ғана жететін адамның ішкі жағдайы”- деп адамгершіліктің құндылығына ерекше тоқталған. Тәрбие мәдениеті - өмірдің өзі сияқты күрделі де көп қырлы [10].

Ә.Фараби: “Доскерлік – адамгершіліктегі жақсы қасиет, бұл өзі адамның басқа адамдармен тиісті шамада қарым-қатынас жасауынан туады, осының арқасында ол өзінің жүріс-тұрысынан, сол адамдармен әңгімесінен жақсы ләззат алады. Бұл жөнінде артық кету – жарамсақтыққа соғады, ал достыққа кемтар болу – тәккаппарлыққа итереді. Ал енді осы ретте ол басқаны ренжітетін іс жасаса, онда бұл дұрдараздыққа апарып соғады” [11].

М.Әуезовтың педагогика, методика мәселелері жайлы мәселе көтергені белгілі. “Ғылым” атты еңбегінде: “Адам баласының жаман құлқы жаратылысынан емес, өскен орта, алған үлгі, өнеге білетіндігінен және түзелу, бұзылу жас уақытта болады. Көпшілікті адамгершілікке тәрбиелеу үшін жас буынды тәрбиелеу қажет... Адамшылықты таза жүргізу үшін – көп ой керек, ойлау үшін оқу керек және оқу әр тараптан мағлұмат беріп, ақиқатқа баланың көзін жеткізіп, көңіліне жақсылықпен тәрбие беру керек”[12].

Адамгершілік дамудың көрсеткіштерінің бірі ол студенттердің бойындағы рухани-адамгершілік дүниесіндегі елеулі өзгерістердің болуы. Бұл факторлар олардың кәдімгі және күрделенген жағдайлардағы адамгершілік мінез-құлықтарының тұрақты болуынан, ересектердің сырттай бақылауынан салыстырмалы түрде тәуелсіз болуынан, өз қылықтарының адамгершілік салдарын болжай білуден, іштей бақылау сезімінің – ождан,

қылықтың моральдық жағын және өзін адамгершілік қасиеттердің иесі ретінде сезінуінен көрінеді және адамгершілік мәдениеттің дамуына ықпал етеді.

Болашақ әлеуметтік педагогтардың адамгершілік мәдениетін дамытуда кәсіби іс-әрекетінің сипаттамаларында төмендегідей бірқатар жалпы мәдени құзыреттіліктерінен көрінеді:

- қабілеттілік пен дайындық адамның интеллектуалдық және жалпы мәдени деңгейін көтеруге, адамгершілік мәдениетінің дамуына;

- құқықтық және этикалық нормаларды білуді және оны өмірлік дағды қалыптастыруда тиімді пайдалана алуы;

- адамгершілік қасиеттерді жетілдіру қабілеті мен олардың жалпы интеллектуалдық және мәдени деңгейін көтеруі;

- мәдени қажеттіліктерді зерттеу және қалыптастыру қабілеті, халықтың әртүрлі топтарының адамгершілік мәдениетін дамыту деңгейін көтеруі;

- аймақтың мүмкіндіктерін анықтау және пайдалана білу, мәдени білім беру ортасы мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастыруы;

- моральдық нормаларды меңгеру және адамгершілік мінез-құлық негіздері;

- этномәдени және конфессиялық ерекшеліктерін ескере білуі, білім беру процесіне қатысушылар арасындағы айырмашылықтар әлеуметтік өзара әрекеттесу және т.б.

- өзгелердің мүддесін, өз мүддесінен жоғары қойып, кеңпейіл болуы, тәкаппарлыққа жол бермеуі;

- ата-анаға балалық құрмет көрсете білуі, оларды құрметтеуі, оларға адал болуы, оларды сүйуі, достарының, отбасының, Отанының сенімін ақтауы;

- өз ісін ізгілік мақсатқа арнау, басқалардың мүддесіне қызмет ету және маңызды істің шешіміне жету үшін өзінің іс-әрекетін, күш-қайратын жұмсай алуы;

- барлық адамдардың пікірін, құқын, жеке меншігін құрметтей білуі, өзгелердің пікірін сабырлықпен қабылдауы, бірақ та жағымсыз істерден бойын аулақ ұстауы;

- жанашырлық таныта білуі, өзгелердің қайғы-қасіретіне, мұң-мұқтажына ортақтаса білуі, оларға көмек көрсете алуы, өзін-өзі бірқалыпта ұстай білуі, өз ойын, сезімін, тілігін, іс-қылықтарын үйлесімділікте ұстай білуі;

- кешірімді болуы, ренішке, өшпенділікке жол бермеуі, ол үшін жамандық ойлап, кек алудан аулақ болуы, рақымды, мейірімді болуы, адамның көңіл-күйін алдын-ала сезе білуі;

- кез келген уақытта көмек күткен адамға көмек беруге әзір тұруы, рухани жетілген тұлға ретінде оның бойында адамгершілік ұстанымдардың болуы;

- өзінің қадір-қасиетін сақтай алуы, яғни өзінің кісілігін сақтап, өзіне-өзі сенімді болуы, жауапкершілік танытуы, адал болуы, ақиқатты көздеуі, жалғандық пен алдап-арбаудан аулақ болуы маңызды болмақ.

Болашақ мамандардың адамгершілік мәдениеті – адамгершілік сананың, эмоционалдық мәдениеттің, адамгершілік нанымдар мен адамгершілік мінез-құлықтың үйлесімді үйлесімінен көрінетін элементтердің біртұтас жүйесі. Әлеуметтік педагогтың адамгершілік мәдениетінің ең жоғары деңгейі – өзінің мінез-құлқы мен кәсіби қызметін құндылық бағдарлар жүйесіне, қоғамда қабылданған нормаларға, идеалдар мен талаптарға сәйкес құру қабілеті мен дайындығы, кәсіби борышы мен өз қызметінің нәтижелері үшін моральдық жауапкершілік және еңбексүйгіштік.

Студенттердің адамгершілік мәдениетін дамыту оларды әлемде өмір сүруге дайындау – жоғары білім берудің басым бағыттарының бірі. Жоғары оқу орнының маңызды функцияларының бірі – болашақ мамандарды бірге өмір сүруге үйрету, мемлекеттер мен этностардың қалыптасқан өзара тәуелділігін шынайы ынтымаққа айналдыруға көмектесу. Осы мақсатта жоғары білім, бір жағынан, адамның өз тамырын сезінуіне және сол арқылы дүниедегі орнын анықтай алуына, екінші жағынан, оның бойында басқа мәдениеттерге деген құрметті тәрбиелеуге көмектесуі керек.

Ойымызды қорытындылай келе, адамгершілік мәдениетті дамытуда оның мазмұнында мынадай белгілерді қарастырады: мақсаттылық; әлеуметтік-мәдени бағдар

ретінде кейбір үлгілердің, тіпті ең көп таралғанының болуы; қоғамның тарихи прогресіндегі әлеуметтік-мәдени құндылықтардың даму процесінің сәйкестігі, белгілі бір ұйымдасқан әсерлер жүйесінің болуы.

Адамгершілік мәдениет – тілді, өнерді (әуесқойлық және кәсіби), ғылымды (табиғи және әлеуметтік, идеология, құқық, дін, салт-дәстүр, әдет-ғұрып және наным-сенімдерді), яғни халықтың рухани әлемін бейнелейтін барлық нәрсені қамтитын күрделі, көп салалы жүйе. Рухани мәдениет халықтың дүниетанымына, болмысты, табиғи және әлеуметтік ортаны қабылдау ерекшеліктеріне негізделеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға жобаланған ғылым мен білімді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы.
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 8 шілдедегі № 471 қаулысымен бекітілген «Өмір бойы оқу» тұжырымдамасы.
3. Нысанбаев А.Н. Философия взаимопонимания. – Алматы: Главная редакция «Қазақ энциклопедиясы», 2001.
4. Шадриков В.Д. Духовные способности. М., 1996.
5. Мұстафа Шоқай. Тандамалы" (аударып құрастырған Айтан Нүсіпхан), 1-2 том, Алматы, "Кайнар", 1998-1999.
6. Н.И. Пирогов(1810-1881жж.): «Өмір мәселелері» (1856 ж.)
7. Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. Москва, 1977, с. 252
8. Беляева В.А., Черных А.П. Духовно-нравственное становление будущего учителя // Педагогика. 1998. № 5. С. 67-69.
9. Колесов М.С. Человек и культура: философские размышления. К., 1991.
10. Буева Л. Духовность и проблемы нравственной культуры // Вопросы философии. 1996. № 2. С. 5-7.
11. Көбесов А. Әл-Фараби. — Алматы: Қазақстан, 1971. — 124-б.

УДК 37.013.42

ОСНОВНЫЕ ПРОБЛЕМЫ АДАПТАЦИИ ДЕТЕЙ МИГРАНТОВ В ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ ШКОЛЕ.

Тілеужан Айдана Бауыржанқызы

tleuzhanab@gmail.com

Магистрант Евразийского Национального Университета

Научный руководитель: Г.Т. Уразбаева – д.п.н., доцент

Республика Казахстан в настоящее время испытывает высокие миграционные потоки из-за различий в экономическом развитии постсоветских стран. Потребность страны в привлечении как постоянной, так и временной иммиграции останется стабильной в обозримом будущем. Основными миграционными партнерами Республики Казахстан являются страны СНГ. На их долю приходится большая часть постоянных миграционных потоков населения нашей страны, в том числе три четверти миграции временной рабочей силы [1, с 32].

Следует отметить, что миграция вносит значительный вклад в социально-экономическое и демографическое развитие Казахстана: компенсирует естественную убыль населения, замедляет старение населения, обеспечивает приток рабочей силы, компенсирует диспропорции в рынке труда и способствует развитию отдельных секторов (строительство, услуги, горнодобывающая промышленность, сельское хозяйство и транспорт).

Исследование Центра миграционных исследований показало, что 12% мигрантов в Казахстан приезжают с детьми. Основные проблемы адаптации и приспособления мигрантов и детей мигрантов связаны с языковыми и социокультурными барьерами. Это затрудняет